



010000, Астана қаласы,
Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй,
"Министрліктер үйі" ғимараты, № 15 кіреберіс
Тел.: 8 (7172) 74 01 07, 8 (7172) 74 04 54
e-mail: kense@mks.gov.kz.

010000, город Аст
Есильский район, проспект Мәңгілік Ел, дс
здание "Дом министерств", подъезд 1
тел.: 8 (7172) 74 01 07, 8 (7172) 74 0
e-mail: kense@mks.gov.kz

№ _____

19.01.2018-ғы № 09-03-05/380-Д шығыс хаты
19.01.2018-ғы № кіріс хаты

**Депутатам Мажилиса
Парламента Республики
Казахстан**

На письмо № ДЗ-311
от 22 декабря 2017 года

Уважаемые депутаты!

Министерство культуры и спорта Республики Казахстан (далее - Министерство) на депутатский запрос касательно принятия мер по обеспечению доступа лиц с ограниченными возможностями к объектам культуры, сообщает следующее.

Министерством, работа направленная на реабилитацию инвалидов и их интеграции в общество выстроена на системной основе, через организацию культурно-развлекательных мероприятий, проводимых организациями культуры.

Так, в целях расширения участия лиц с ограниченными возможностями в культурной жизни общества приказом Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 29 июля 2015 года № 259 утвержден Минимальный социальный стандарт «Обеспечение доступа инвалидов к культурно-зрелищным мероприятиям, проводимым государственными организациями культуры».

Кроме того, действуют Правила доступа к фондам библиотек через заочные или внестационарные формы обслуживания для инвалидов или лиц преклонного возраста, утвержденный приказом Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 25 мая 2007 года № 153.

В целом, в республиканских организациях культуры для приобщения лиц с ограниченными возможностями к культурной жизни общества созданы необходимые условия.

В частности, в Государственном музее искусств РК им. А. Кастеева с целью организации обслуживания посетителей с инвалидностью с ОФ «Аружан» в рамках совместного проекта «Доступный музей» для посетителей с

ограниченными возможностями впервые в Казахстане открыта интерактивная выставка тактильных экспонатов, в числе которых 11 гипсовых рельефов, 2 деревянных скульптуры, 9 композиций с объемным национальным орнаментом. Они сопровождаются текстовыми аннотациями с шрифтом Брайля и размещены в постоянной экспозиции.

Вместе с тем, в Национальном музее РК с участием лиц с ограниченными возможностями осуществляется проект «Я познаю мир». Данный проект предполагает работу с детьми коррекционной школы г.Астаны по эстетическому воспитанию, арт-терапии.

Также, в Национальном музее РК в 2017 году разработан комплексный план по реализации социально-ориентированного проекта «Мейірім» для посетителей с различной категорией инвалидности. В рамках проекта будут охвачены детские дома, школы-интернаты, пенсионеры. Выделен специальный зал, где проводится большая работа, в том числе выставки, музейные уроки, образовательные мероприятия, программы арттерапии.

Одной из задач данного проекта является обучение музейных смотрителей и экскурсоводов жестовому языку, повышение квалификации музейных педагогов, создание проектной группы, выделение в штат социальных работников, установка тифлокомментария и др.

Касательно масштабного проведения экспертного обследования доводим, что в 2017 году в рамках проекта «Кедергісіз болашақ» - «Будущее без барьеров» с НДП «Нұр Отан» и государственными органами подписан совместный меморандум о взаимодействии и сотрудничестве, направленного на повышение качества жизни лиц с ограниченными возможностями и создание для них без барьерной среды. В рамках данного проекта был объявлен месячник общественного контроля мер поддержки лиц с ограниченными возможностями в целях проведения мониторинга адаптации объектов социальной инфраструктуры для лиц с ограниченными возможностями. В связи с чем, Министерству труда и социально защиты населения Республики Казахстан рекомендовано утверждение Регламента актуализации сведений «Интерактивной карты доступности» на основе сведений мониторинга.

Относительно грантов общественным организациям, занимающихся проблемами инвалидов для реализации специальных проектов в области культуры и искусства сообщаем, что в Министерстве культуры и спорта Республики Казахстан в т.г. гранты на данные цели не предусмотрены.

**Исполняющий
обязанности министра**

А. Кожагапанов

**Қазақстан Республикасы
Парламент Мәжілісінің
депутаттарына**

*2017 жылғы 22 желтоқсандағы
№ ДЗ-311-хатқа*

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың мәдениет объектілеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету шараларын қабылдау бойынша депутаттық сауалға келесіні хабарлайды.

Министрліктің мүгедектерді оңалтуға және оларды қоғамға кіріктіруге бағытталған жұмыстары мәдениет ұйымдары өткізетін мәдени-ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыру арқылы жүйелі негізге қойылған.

Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың қоғамның мәдени өміріне араласуын кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2015 жылғы 29 шілдедегі № 259 бұйрығымен «Мемлекеттік мәдениет ұйымдары өткізетін мәдени-ойын-сауық іс-шараларына мүгедектердің қол жеткізуін қамтамасыз ету» ең төмен әлеуметтік стандарты бекітілді.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2007 жылғы 25 мамырдағы №153 бұйрығымен бекітілген мүгедектерге немесе егде жастағы адамдарға сырттай немесе стационардан тыс қызмет көрсету нысандары арқылы кітапхана қорларына қол жеткізу қағидасы бар.

Жалпы мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды қоғамның мәдени өміріне тарту үшін республикалық мәдениет ұйымдарында қажетті жағдайлар жасалған.

Атап айтқанда, мүгедектігі бар келушілерге қызмет көрсетуді ұйымдастыру мақсатында «Аружан» ҚҚ-мен бірлескен «Қолжетімді музей» жобасы аясында Қазақстанда алғаш рет Ә. Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер музейінде мүмкіндігі шектеулі келушілерге арналған 11 бедерлі гипс, 2 ағаш мүсін, 9 көлемді ұлттық оюлы композициясы бар интерактивті-тактильді экспонаттар көрмесі ашылды. Экспонаттарға Брайль қарпімен мәтіндік түсініктемелер беріліп, тұрақты көрмеге орналастырылған.

Сонымен қатар, ҚР Ұлттық музейінде мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың қатысуымен «Мен әлемді танимын» жобасы жүзеге асырылуда. Бұл жоба Астана қаласының түзету мектептерінің оқушыларымен эстетикалық тәрбие, арт-терапия бойынша жұмыс істеуге бағытталған.

Сондай-ақ 2017 жылы ҚР Ұлттық музейінде әр түрлі мүгедектігі бар келушілерге арналған «Мейірім» әлеуметтік-бағдарлау жобасын жүзеге асыру бойынша кешенді жоспар құрылды. Жоба аясында балалар үйі, мектеп-интернаттары, зейнеткерлер қамтылады. Ауқымды жұмыстар, атап айтқанда көрмелер, музей сабақтары, білім беру іс-шаралары, арт-терапия бағдарламалары жүргізілетін арнайы зал бөлінді.

Бұл жобаның негізгі міндеттерінің бірі музей қараушылары мен экскурсия жүргізушілерін ымдау тіліне үйрету, музей педагогтарының біліктіліктерін арттыру, жобалық топтарды құру, штатқа әлеуметтік қызметкерді бөлу, тифлокомментария және т.б. орнату болып табылады.

Ауқымды сараптамалық зерттеу жүргізуге қатысты 2017 «Кедергісіз болашақ» - «Будущее без барьеров» жобасы аясында «Нұр Отан» ХДП мен мемлекеттік органдар арасында мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың өмір сапасын жақсарту мен оларға кедергісіз орта қалыптастыруға бағытталған өзара іс-қимыл және ынтымақтастық туралы бірлескен меморандумы қабылданды. Бұл жоба аясында әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін бейімделуін мониторингілеу мақсатында мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды қолдау шараларын қоғамдық бақылау айлығы жарияланды. Нәтижесінде, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне мониторингінің деректері негізінде «Қолжетімділіктің интерактивті картасының» деректерін өзектендіру регламентін бекіту ұсынылды.

Мәдениет және өнер саласында арнайы жобаларды жүзеге асыру үшін мүгедектер мәселелерімен айналысатын қоғамдық ұйымдарға грант беруге қатысты Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінде ағымдағы жылы мұндай мақсаттарға гранттар көзделмегенін хабарлаймыз.

**Министрдің
міндетін атқарушы**

Е. Қожағапанов



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

12.01.2018 ж.
Астана қаласы

№ 12 - с
Астана қаласы

Иссапарға жүру туралы


«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 57 - бабына сәйкес, 2018 жылғы 15-17 қаңтар аралығында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Америка Құрама Штаттарына (Вашингтон қаласына) ресми сапарының аясында Қазақстан Республикасы делегациясының құрамында 2018 жылғы 14-19 қаңтар күндері Вашингтон және Нью-Йорк қалаларына (Америка Құрама Штаттары) іссапарға жүремін және осыған орай **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Иссапар күндері Министрдің міндеттерін атқаруды Вице-министр Е.Т. Кожагапановқа жүктеймін.

2. Иссапардың шығындары Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің 005 «Шетелдік іссапарлар» бюджеттік бағдарламасы есебінен төленетіні назарға алынсын.

Негіз: Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 17-80-10.212-6 хаты.

Министр



А. Мұхамедиұлы